

ХАТТАМА № 1

Өткізілген күні: 05.09.2025ж

Өткізілген орны: Балабақша акт залы

Қатысқандар: 82

Қатыспағандар: 69

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Бала – біздің болашағымыз» тақырыбындағы баяндама
2. «Тазалық – денсаулық кепілі» (медбике кеңесі)
3. «Достық – татулық кілті» тренинг
4. Өртүрлі мәселелер

ЖИНАЛЫС БАРЫСЫ:

1-мәселе

«Бала – біздің болашағымыз» тақырыбында баяндама тыңдалды. Жиналыста баланың тұлғалық дамуы, отбасындағы тәрбиенің маңызы, ата-ана мен балабақша арасындағы ынтымақтастық туралы айтылды. Баланың жан-жақты дамуы үшін мейірімді қарым-қатынас, тұрақты бақылау және қолдау қажет екендігі атап өтілді.

Бала тәрбиесінде отбасының рөлі ерекше екені, баланың бойына адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда ата-ананың үлгі болуы маңызды екендігі түсіндірілді.

2-мәселе

«Тазалық – денсаулық кепілі» тақырыбында ақпарат берілді.

Балалардың денсаулығын сақтау мақсатында:

- жеке бас гигиенасын сақтау;
- қолды жиі жуу;
- дұрыс тамақтану;
- күн тәртібін сақтау;
- маусымдық аурулардың алдын алу шаралары туралы кеңестер берілді.

Ата-аналарға балалардың киім тазалығына, тамақтануына, уақытылы медициналық тексеруден өтуіне назар аудару қажеттігі ескертілді.

3-мәселе

«Достық – татулық кілті» тақырыбында тренинг өткізілді.

Тренинг барысында ата-аналар арасында ынтымақтастық атмосферасы қалыптастырылды. Қарым-қатынас мәдениеті, өзара сыйластық, балаларды достыққа тәрбиелеу жолдары талқыланды.

Ата-аналар бірлескен жаттығулар арқылы өзара түсіністік пен қолдаудың маңызын сезінді.

4-мәселе

Өртүрлі мәселелер қаралды.

Ұйымдастыру жұмыстары, балалардың қатысу тәртібі және алдағы іс-шаралар туралы ақпарат берілді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Балалардың тәрбиесі мен дамуына ата-аналар тарапынан тұрақты бақылау жасалсын.
2. Балалардың жеке бас гигиенасы қатаң сақталсын.
3. Балаларды достыққа, татулыққа тәрбиелеуде отбасы мен балабақша бірлесе жұмыс жасасын.
4. Алдағы іс-шараларға белсенді қатысу ұсынылсын.